«Бекітемін»
Мектеп директоры:
_____ З.Жүсіп
«5» 09 2023ж

«Келісемін»
Директордың басауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары:
_____ Ж.Кибекбаева
«5» 09 2023ж

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Түзете-дамыту сабағы: Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 1-2 деңгейі

Оқушының аты-жөні: Серікбай Ғазизхан

Сыныбы:1 Б

Арнайы педагог: Д.Сансызбаева

Сағат саны: 28 сағат,аптасына 2 рет

Сканировано с CamScanner

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары сөйлеу тілінің даму кезеңдері мен логопедиялық диагностиканың нәтижелерін негізге ала отырып құрастырылған. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған І-деңгейдегі балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының келесі бағыттардын тұрады:

Сөйлеу тілін түсінуін дамыту:

- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру;
- Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру;
- Сұрақтарды ажырата қабылдау (Кім?, Қайда?, Кіммен?);
- Зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырата алуды дамыту;
- Әр түрлі іс-әрекеттердің мағынасын түсінуді дамыту;
- Жай сөйлемдерді түсіне алуды дамыту: «бастауыш+баяндауыш», «бастауыш+толықтауыш+баяндауыш»;
- Заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуін қалыптастыру;

Белсенді сөздік қорын дамыту:

- Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту;
- Бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздерді айта алуды дамыту;
- Етістіктер сөздігін кеңейту;
- Екі сөзден құралған сөйлемдер құрауға үйрету (Атау септігіндегі зат есім + Қайда?);
- «Қаратпа сөз + бұйрық райдағы етістік» типіндегі қарапайым сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- Бұйрық және ашық райдағы қарапайым етістіктерді сөйлеу кезінде қолдану дағдыларын дамыту;
- Суреттер бойынша сөз тіркестерін сын есім + зат есім; зат есім+етістік сызбалары бойынша құрастыруды үйрету;
- Сұрақтарға қысқа сөз тіркесімен немесе 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлеммен жауап бере алуды қалыптастыру;
- Заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін, көлемін, дәмін атай алуды дамыту;
- «Үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету;

Қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту;

Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру: Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту, есту және көру зейінін дамыту, есте сақтауын дамыту, ойлау операцияларын дамыту, кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту;артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту, қолдың ұсақ моторикасын және саусақ қимылдарының тепе- теңдігін дамыту.

СТЖД І-деңгей, 1-тоқсан

Сканировано с CamScanner

№	Сабақ тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1.	**Түрлі әрекеттерді түсіне алу дағдыларын қалыптастыру. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту**	- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру; - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (коршаған ортадағы дыбыстарға еліктеу); - Естіп қабылдауын дамыту;			
2.	**Түрлі әрекеттерді түсіне алу дағдыларын қалыптастыру. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту**	- Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру; - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (коршаған ортадағы дыбыстарға еліктеу); - Естіп қабылдауын дамыту;			
3	**Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту**	- Сөздердің жалпылама мағынасын түсінуін қалыптастыру; - Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту (жануарлардың дыбыстары арқылы); - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту; - Есту және көру зейінін дамыту;			
4	**Тілдік және тілдік емес дыбыстар**	- Тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеу және ажырату дағдыларын қалыптастыру; - Естіп қабылдауын, есту зейінін дамыту; - Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту;			
5	**Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту**	- Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру; - Фонематикалық есту қабілетін дамыту; - Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту;			
6	**Жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыру**	- Жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра алуға үйрету; - Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту; - Есту және көру зейінін дамыту;			

Сканировано с CamScanner